


Тау-кен металлургия кешені бойынша 2020 ж. қаңтар-шілдеге арналған дайджест



ТМК өндірісі көлемінің динамикасы, трлн теңге



ФКИ 2020 ж. қаңтар-шілде /2019 ж. қаңтар-шілде:

- Металл кенін өндіру – 102,3%**
- Темір кенін өндіру – 100,9%
- Түсті металл кенін өндіру – 102,5%
- Металлургия – 102%**
- қара металлургия – 98%
- түсті металлургия – 103,9%


Түсінік:

- Металл бағаларының соңғы айларда өсуі олардың Қазақстандағы өндірісіне оң әсер етеді.
- Қара металлургия ФКИ 98% дейін төмендеуі болат өндірісінің 11,5% төмендеуіне байланысты.

Өңірлер кесінінде металлургия өнеркәсібі өндірісінің

2020 ж. қаңтар-шілдедегі көлемі, млрд. теңге


Сала үш өңірде шоғырланған: Қарағанды (32%), ШҚО (19%) және Павлодар (15%)



Дереккөз: ҚР ҰЭМ СК

ТМК өнімінің негізгі түрлері өндірісінің 2020 ж. қаңтар-шілдеде 2019 ж. осы кезеңмен салыстырғанда көлемі

Мыс кенін өндіру төмендеді (-14,3%) және темір кенін өндіру өсті (+3,2%)



Жазық прокат өндірісінің көлемі едәуір өсті (+9,1%).

Сонымен қатар, болат өндірісінің төмендегені тіркелді (-18,7%).




■ 2019 қаңтар-шілде (100%)
■ 2020 қаңтар-шілде

Дереккөз: ҚР ҰЭМ СК

Экспорт

ТМК өнімінің экспорты 2020 жылғы қаңтар-маусымда 2019 жылғы осы кезеңмен салыстырғанда 2,6% төмендеді және 6,0 млрд АҚШ долл. құрады. Төмендеу күмісті және дәнекерленген құбырларды қоспағанда, барлық негізгі экспорттық позициялар экспортының төмендеуіне байланысты болды. Мыс экспорты 1,2%, ферроқорытпа экспорты 15,9% төмендеді.


Металлургия өнеркәсібі өнімінің экспорты құрылымында 2020 жылғы қаңтар-маусымда мыс (28%), ферроқорытпа (18%), цинк (7%), күміс (6%) және алюминий (4%) басым.



Импорт

ТМК өнімінің импорты 2020 жылғы қаңтар-маусымда былтырғы жылғы осы кезеңмен салыстырғанда 15,1% төмендеді және түсті металл кені импортының (-13,2%), атап айтқанда, қорғасын кені 51,3% және дәнекерленген құбыр импортының 58,2% қысқаруы есебінен 1,5 млрд АҚШ долл. құрады.

Металлургия өнеркәсібі өнімінің импорты құрылымында 2020 жылғы қаңтар-маусымда жіксіз құбырлар (22%), металл құрастырылымдар (14%), шыбықтар (11%), дәнекерленген құбырлар (8%), жазық прокат (7%) және алюминий (2%) басым.



Дереккөз: ҚР ҰЭМ СК, ҚР ҚМ МКК

САЛАДАҒЫ ЖАҢАЛЫҚТАР МЕН ОҚИҒАЛАР. ҚАЗАҚСТАН



KAZ Minerals табысы

I жартыжылдықта 13,2% қысқарды



KAZ Minerals 2020 жылғы I-жартыжылдықта \$559 млн мөлшерінде EBITDA

тіркеді және операциялық қызметтен түскен таза табысты \$310 млн. дейін 31% өсірді делінген компанияның қаржылық есебінде. 2019 жылғы қаңтар-маусымда KAZ Minerals тобының EBITDA мөлшері \$620 млрд. құрады. Осылайша, көрсеткіш 9,8% төмендеді.

Сатудан түсен табыс 2020 жылғы бірінші жартыжылдықта \$991 млн. құрады (салыстыру үшін, 2019 жылғы I жартыжылдықта \$1,052 млрд. құрады).

Мыс бағасының төмендеу нәтижесінде топтың операциялық табысы \$357 млн. дейін 12,9% төмендеді. Салық салуға дейінгі табыс \$249 млн. құрады, бұл, 2019 жылғы қаңтар-маусымдағы көрсеткіштен 13,8% төмендеді, осы кезеңде таза табыс \$197 млн. дейін 13,2% төмендеді, - деп хабарлайды Интерфакс-Қазақстан. Топтың таза берешегі \$2,797 млрд. дейін 1,3% өсті.

I жартыжылдықта компания өндірісті қолдау үшін шамамен \$170 млн. мөлшерінде күрделі шығын жұмсады, жоспарлы көрсеткіште бір жылға \$61 млн. Шығындардың көп бөлігі жылдың екінші жартысында болады деп күтілуде

2020 жылғы 30 маусым жағдайы бойынша жалпы берешек \$3,898 млрд. дейін 18,15% өсті, себебі, ПФЛ жаңа желісін және «БРК – Ақтоғай II» кредит желісін игеру негізінен Қытайдың Мемлекеттік Даму Банкі мен «БРК – Ақтоғай I» ұзақ мерзімді желілері бойынша \$189 млн. мөлшерінде жоспарлы капиталды төлемдермен нивелирленді.

Дереккөз: metalbulletin.ru

Қазақстаннан Қытайға темір кенін жеткізу логистикалық проблемаларға тап болды



Қытай темір кені сияқты тауарлардың жүздеген мың тонна жөнелтімін кешіктіре отырып,

Қазақстаннан шығатын пойыздардың жүруіне шектеулер енгізді, - деп хабарлады қазақстандық компаниялар. Қытай жүктердің жекелеген түрлерін тасымалдау ережелерін қатайтып, контейнерлерге көшуді қамтамасыз ету бойынша үлкен жұмыс атқарды. ҚТЖ мемлекеттік теміржол компаниясының бас директоры осы аптада президент Қасым-Жомарт Тоқаев алдында осы мәселені көтерді және компания бұл проблеманы шешу үшін шаралар қабылдап жатқандығын айтты.

Жаңа шектеулер негізінен Қытайға тауар жеткізу үшін пайдаланылатын Достық-Алашанькоу шекара бекетінде қатты кептеліс тудырды, бұл ретте, алғашқы кідірістер маусымның аяғында тіркелді.

Қазақстанның ірі тау-кен өндіруші компанияларының бірі Eurasian Resources Group темір кені вагондарының үштен бірі Достық арқылы өте алмайтындығын хабарлады.

«Достық-Алашанькоу шекары бекеті арқылы пойыздардың өтуіне Қытаймен енгізілген шектеулер негізгі себеп болды», - дейді компанияда.

Дереккөз: metalbulletin.ru

**САЛАДАҒЫ
ЖАҒАЛЫҚТАР МЕН
ОҚИҒАЛАР. ӘЛЕМ.**



**GlobalData: әлемдік боксит өндірісі
2020 жылы елеусіз қысқарады**



GlobalData британдық аналитикалық және консультативтік компаниясың

болжамы бойынша әлемдік боксит өндірісі ағымдағы жылы 344 млн т. дейін, 0,1% төмендейтіндігін хабарлады. Бұл, COVID-19 байланысты кеніштер жұмысын уақытша тоқтату факті боксит кені ұсынысына шамалы әсер еткендігін көрсетеді. Ұйым сарапшылары боксит өндіру 2021-2024 ж.ж. кезеңде жыл сайын 2,8% өседі деп болжауда. Болжам бойынша 2024 ж. боксит өндірісі 387 млн т. жетеді. Аталған кезеңде Австралия, Гвинея және Үндістан боксит кенін негізгі жеткізушілер болады.

Дереккөз: metalbulletin.ru

**WSA: әлемдік болат өндірісі шілдеде
2.5% төмендеді**



Әлемдік болат өндірісі 64 өндіруші елде 2020 ж. шілдеде 152,7 млн. тоннаны құрады. Бұл,

2019 ж. шілдедегі деңгейден 2.5% төмен. Өндіріс төмендеуінің негізгі себебі COVID-19 пандемиясы. Болат өндірісі шілдеде Қытайда 93.4 млн. тоннаны құрады. Бұл, былтырғы жылғы деңгейден 9.1% жоғары. Болат өндірушілер Жапонияда 6.0 млн. тоннаға дейін 27,9%, Үндістанда – 7,150 млн. тоннаға дейін 24,6, %, Оңтүстік Кореяда – 5.5 млн. тоннаға дейін 8,3% қысқарды.

ЕО елдерінде болат өндірісі 9,8 млн. тоннаға дейін 24,4% түсті. Атап айтқанда, Германияда 2.4 млн. тоннаға дейін 24,7%, Италияда – 1,75 млн. тоннаға дейін 11,2%, Францияда – 860 мың тоннаға дейін 34.5% төмендеді.

Болат өндірісі шілдеде АҚШ-та жылдық салыстыруда 5.2 млн. тоннаға дейін 29,4% төмендеді. Болат өндірісі ТМД елдерінде 8.1 млн. тоннаға дейін 5,8% төмендеді. Ресейде болат өндірісі шілдеде 5,8 млн. тоннаны құрады. Бұл, былтырғы жылғы деңгейден 5% төмен. Украина болат өндірісін 1.8 млн. тоннаға дейін 1,9% төмендетті.

Болат өндірісі 2020 ж. шілдеде Бразилияда 2,592 млн. тоннаны құрады. Бұл, 2019 ж. шілдедегі деңгейден 3,5% жоғары.

Дереккөз: metalbulletin.ru

**Fitch Solutions: әлемдік мыс өндірісі
2020 жылы 2,5% төмендейді**



Fitch Solutions компаниясы 2020 жылы әлемдік мыс өндірісінің 20,1 миллион тоннаға дейін, 2,5%

төмендеуін болжады. Себебі, бірқатар елдерде тау-кен өндірісі COVID-19 пандемиясынан зардап шекті. «Тау-кен ісі алдыңғы жартыжылдықпен салыстырғанда екінші жартыжылдықта қарқын алады деп күткенімізбен, қалпына келтіру онша күшті болмайды, өйткені кейбір шахтерлер жылдың қалған кезеңінде өндіріс жоспарларын қысқарта бастады», - делінген компания материалдарында.

Дереккөз: metalbulletin.ru